

"N 3 кеніш басқармасы", "N 4 кеніш басқармасы" және "N 5 кеніш басқармасы" кәсіпорындары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 6 қыркүйек N 1349

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Ақмола облысының "N 3 кеніш басқармасы", "N 4 кеніш басқармасы" және Солтүстік Қазақстан облысының "N 5 кеніш басқармасы" кәсіпорындары таратылсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі мен "Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру және тарату жөніндегі агенттігі" акционерлік қоғамы (келісім бойынша) "N 3 кеніш басқармасы", "N 4 кеніш басқармасы" және "N 5 кеніш басқармасы" кәсіпорындарының заңнамада белгіленген тәртіппен таратылуын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.05.02. N 585 қаулысы мен. P 0 1 0 5 8 5 _

3. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі:

1) Қаржы министрлігімен бірлесіп 2001 жылға арналған республикалық бюджеттің жобасын қалыптастыру жөніндегі бюджеттік комиссияның қарауына, осы қаулының 1-тармағында көрсетілген мемлекеттік кәсіпорындардың қызметкерлеріне капиталдандыруды ескере отырып, жалақы жөніндегі берешектерді өтеуге және еңбек міндеттерін орындаумен байланысты өмірлері мен денсаулықтарына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі төлемдердің шығыстарын енгізу туралы мәселені енгізісін;

2) 2001 жылдан бастап, заңнамада белгіленген тәртіппен таратылатын "N 3 кеніш басқармасы", "N 4 кеніш басқармасы" және "N 5 кеніш басқармасы" кәсіпорындары қызметкерлерінің тиесілі төлемдерін алуын қамтамасыз етсін.

4. "Уранликвидрудник" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21 желтоқсандағы N 1311 P981311_ қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:
кіріспесі Ақмола облысындағы N 3 (Заозерный поселкесі) және N 4

(Красногорский поселкесі) және Солтүстік Қазақстан облысындағы N 5 (Саумалкөл поселкесі)" деген сөздермен басталып, одан әрі мәтін бойынша жазылсын;

2-тармақтың алтыншы абзацындағы "Солтүстік Қазақстан облысындағы N 3" және N 5" деген сөздер "Ақмола облысындағы N 3, 4 және Солтүстік Қазақстан облысындағы N 5" деген сөздермен ауыстырылсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК